



**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ – IQAA**

**ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША
ЕСЕБІ**

**АККРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ
7M01704 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ**

Астана қ., 2023

САРАПТАУ ТОБЫ

**Топ жетекшісі:**

Бекмагамбетова Роза Карпыковна, педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессоры, Алматы қ.

**Халықаралық сарапшы:**

Колесникова Светлана Михайловна, филология ғылымдарының докторы, профессор, орыс тілі кафедрасының меңгерушісі, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті, Мәскеу қ., Ресей

**Ұлттық сарапшы:**

Минайдарова Мария Естаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

**Ұлттық сарапшы:**

Калиев Бектурсын Аманкулович, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

**Жұмыс берушілер өкілі, сарапшы:**

Мухаметжанова Лира Казбекқызы, Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы, Өскемен қалалық білім беру бөлімі, №27 орта мектебінің директоры, Өскемен қ.

**Представитель студентов, сарапшы:**

Авилхан Хуанган, С.Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін дайындау» білім беру бағдарламасы бойынша 2-курс магистранты, Өскемен қ.

IQAA КООРДИНАТОРЫ

Тусупбекова Эльмира Курманбаевна,
ЖОО мен ФЗИ аккредиттеу бөлімінің аға үйлестірушіс

Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША 7M01704 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСІНІҢ НАҚТЫ ЖАЙ-КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ

Стандарт	Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің әрбір стандарт үшін ЖОО-дағы істің нақты жай-күйіне сәйкестік деңгейін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке бағдарланған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессор-оқытушылар құрамы		+		
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурсы және студенттерді қолдау		+		
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты ақпараттандыру	+			

МАЗМҰНЫ**1-ТАРАУ****САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ**

Кіріспе	5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы	6

2-ТАРАУ**САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ**

Кіріспе	8
Бағдарламалық аккредиттеу стандартына сәйкестігі	
<i>Стандарт 1</i>	
Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық	9
<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару	11
<i>Стандарт 3</i>	
Студентке бағдарланған оқыту, оқыту және бағалау	13
<i>Стандарт 4</i>	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	18
<i>Стандарт 5</i>	
Профессор-оқытушылар құрамы	23
<i>Стандарт 6</i>	
Оқу ресурсы және студенттерді қолдау	29
<i>Стандарт 7</i>	
Жұртшылықты ақпараттандыру	32

3-ТАРАУ**ҚОРЫТЫНДЫ** 34**ҚОСЫМША**

<i>Қосымша 1</i>	
Сыртқы сапардың бағдарламасы	37
<i>Қосымша 2</i>	
Сұхбатқа барлық қатысушының тізімі	40
<i>Қосымша 3</i>	
ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі	44

1-ТАРАУ

САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Kіpіcne

«Қазақстан-Американдық Еркін университеті» ЖШС бизнес, құқық және педагогика факультетіне қарасты 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының өзіндік бағалау есебі және сыртқы аудит бойынша білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу аясында Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA) сыртқы сарапшыларының келіп қарауы 2023 жылдың 15-16 мамыр аралығында өтті.

Сыртқы аудит Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігімен сараптамалық топ жетекшісі әзірлеген және университет басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материал (іссапар бағдарламасы, ББ бағдарламасының өзіндік бағалау жөніндегі есебі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау рәсімін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптау тобының мүшелеріне оқу орнына барғанға дейін беріліп, сыртқы аудит жүргізуге өз уақытында дайындалуға мүмкіндік берді.

ЖОО басшылығымен кездесу сарапшылар тобына ректормен ресми түрде танысуға мүмкіндік берді. Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шара аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша кафедралардың профессорлық-оқытушылар құрамымен, магистрант, түлек, жұмыс берушілермен, университеттің материалдық-техникалық базасымен толық танысуға және сыртқы сарапшыларға университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау бойынша есеп мәліметінің сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Сарапшылар аккредиттелетін білім беру бағдарламасының бағыты бойынша кафедраны, аккредиттелетін бағдарламасының бағыты бойынша кафедралық ғылыми-зерттеу зертханаларын, тіркеу офисі, кітапхана, жастар саясаты департаменті, оқу-әдістемелік департаменті және оқу аудиторияларын т.б. қарап шықты.

Білім беру бағдарламасын өзін-өзі бағалау бойынша есеп үлкен көлемді ақпараттан тұрады, онда мамандандырылған аккредиттеу стандартына сәйкес құрылымдық бөлімшелердің барлық қызмет саласы талданды, күшті және әлсіз жақтары анықталды, одан әрі дамыту үшін қауіп-қатер мен мүмкіндік анықталды. Сыртқы аудитті жүргізу барысында сарапшылар кафедраның құжатын зерделеуді және құжат айналымымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша оқу сабақтарына іріктеп аралауды жүргізді.

ЖОО-ның материалдық базасы туралы, оқу-әдістемелік және ғылыми үдерісті ұйымдастыру, сұхбат өткізу үшін мақсатты топпен жүздесу ұйымдастыру барысында көзбен көріп, танысу үдерісі жүзеге асты.

Сарапшылар құрылымында 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедра, жоғары мектеп, басқа да құрылымдық бөлім мен инновациялық зерттеу орталығы, кітапханасы бар Қазақстан-Американдық еркін университетімен көзбе-көз танысты.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ дайындайтын кафедраның және сол мамандықты дайындауға септігін тигізетін құрылымдық бөлімнің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалды-техникалық жағынан дайындығын қамтамасыз ететін құжатына сараптама жасалды. Аккредиттеліп жатқан мамандықтың білім беру бағдарламасымен егжей-тегжейлі танысу үшін кәсіби пәндер бойынша сабаққа қатысып, пәндердің оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуі қарастырылды. Өзін-өзі бағалау есебі 87 бет мәтіндік материалдан және 182 бет қосымша материалдан тұрады. Есепте негізгі мәселе қамтылған, құрылысы дұрыс берілген. Берілген материалда жалпы және жекелей сараптама қамтылған.

Сыртқы аудит бойынша университет корпустары, спорт залы, кітапхана қоры, жатақхана т.б. құрылымдық ғимарат қаралып, БББ талабына сәйкестігі көрінді. Сондай-ақ 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ құжат қаралып, сараптама жасалды.

ЖОО-ның негізгі сипаттамасы

1	ЖОО атауы	«Қазақстан-Американдық еркін университеті» ЖШС
2	ЖОО заңнамалық реквизиті	070000, Қазақстан Республикасы Өскемен қаласы М.Горький көшесі,76 тел.(7232) 50-50-10, 50-50-17 e-mail: kafu_ukg@mail.ru
3	Басқарушы комитет төрағасы	Байкенов Жасұлан Ерболұлы, философия докторы (PhD), бірінші вице-президент.
4	Меншік нысаны, құрылтайшы	Жеке, Мәмбетқазиев Ережеп Әлхайырұлы
5	БББ атауы	7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті
6	Берілетін біліктілік дәрежесі	7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша «педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі
7	Білім алушыларды БББ бойынша даярлаудың басталуы	7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды даярлау 2020 жылдан басталды.
8	Мемлекеттік лицензия нөмірі	Білім беру қызметі 23.11.2010ж. АБ №0137478 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады.

9	Оқыту тілі	Қазақ
10	БББ-ның мақсатты топтары	- ЖОО-ның түлектері; - қосымша екінші мамандық алуға тілек білдіруші жоғары білімі бар тұлғалар
11	Өзін-өзі бағалау есебін берген кездегі магистрант саны	23
12	БББ-на қызмет көрсететін ПОҚ саны	6
13	Оқыту формасы, уақыты	- күндізгі / 2жыл
14	Түлектердің кәсіптік қызметінің аясы	ЖОО-да оқытушы, ора мектепте мұғалім, ғылыми-зерттеу ұйымындағы кіші ғылыми зерттеуші, ғылыми-педагогикалық ұйымда әдіскер, аудармашы, мемлекеттік мекемеде сарапшы, сот сарапшысы-лингвист; білім беру саласындағы өкілетті және жергілікті атқарушы органдарында қызметкер, басшы, ономаст т.б.

2-ТАРАУ

СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Кіріспе

Сыртқы аудит есебінің нысаны Қазақстан-Американдық еркін университеті халықаралық серіктестіктегі жеке меншік жоғары оқу орнының 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы болып табылады. Сыртқы аудит тексеруі 15-16 мамыр күндері жүргізілді.

Тексеру барысы 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының магистранттарын дайындау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына – МЖМБС (ҚР БҒМ 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығы, 19.01.2023 ж. №21 өзгеріспен), «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» (ҚР БҒМ 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 бұйрығы 12.10.2018 ж. №563 өзгеріс және толықтырумен), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2018 жылдың 31 қазанындағы №595 бұйрығы, 20.01.2023 ж. №23 өзгеріспен), «Педагог» кәсіби стандартына (ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының 19.12.2022 ж №№31149 бұйрығы) сәйкес негізгі білім беру бағдарламасы бойынша «Педагогика және психология» кафедрасында жүзеге асырылатынын көрсетті.

2022-2023 оқу жылында педагогика және психология кафедрасы құрамындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша штаттық кестеге сәйкес 1 доктор PhD, 1 пед. ғ.д., 4 ғылым кандидаты, 1 филология магистрі қызмет жасайды.

Кафедра жұмысы оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбиелік бағытында жүргізіледі. Кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысының негізгі бағыты – қазіргі қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттануының салалары, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселесі.

Кафедра ұжымы Еуропалық білім беру кеңістігіндегі біліктіліктің (Дублин дескрипторының) бірінші деңгейі бойынша мамандар даярлайды.

Аталған бағдарлама аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмасын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталығында заманауи зерттеу жүргізуге ықпал ететін, сонымен бірге, өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін түсінетін құзыретті мамандар даярланады. 7M01704 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағытында дайындалатын магистранттардың кәсіби қызметі мәдениет және басқарма, білім беру, тұлғааралық және мәдениетаралық, тілдік, гуманитарлық білім мен филология аясында іске асырылады.

Есептің мамандандырылған аккредиттеу стандарты мен өлшеміне сәйкестігін эксперттік талдау барысында төмендегілер анықталды.

Бағдарламалық аккредиттеу стандартына сәйкестігі

Стандарт 1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық

Дәлелдеме және талдау:

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының мақсаты университет миссиясы, мақсаты мен міндетіне сәйкес іске асырылады. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеті университеттің бәсекеге қабілетті маман даярлауға бағытталған миссиясына сәйкес құрылған. 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаты – ғылыми және кәсіби лингвистикалық білімге ие, кәсіби мамандығы бойынша ғылыми ақпаратты игеріп және қолдана білетін, заманауи ақпараттық технологияны меңгерген, басқару және зерттеу қызметін табысты атқара алатын, қазіргі ғылыми және практикалық мәселені шеше және құра білетін жоғары білікті маман дайындау.

Мақсатқа қол жеткізудің тиімді механизмі бар және үнемі толықтырумен өңделіп отырады. Білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлауда ұлттық және аймақтық мүдде ескерілген.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмысында жүйелілік принципі басшылыққа алынатынын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шара жоспары айғақтайды. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау әдісі ретінде, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшесінде үнемі сауалнама жүргізілетіні, оның нәтижесі және кері байланыс түрі талданып отыратыны да расталды. ПОҚ және білім алушылармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндетімен, сондай-ақ университет және кафедра миссиясымен жақсы таныс екені байқалды.

Қазақстан-Американдық еркін университетінің 2023-2027 жылдарға арналған даму стратегиясы жеті негізгі бағытты, мақсаттық индикаторды және оларға қол жеткізу көрсеткішін қамтиды.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның білім алушылары мен оқытушылары ББ-ның миссиясын, мақсатын, міндетін жақсы түсінеді және қабылдайды, себебі даму стратегиясын әзірлеу және талқылау үдерісіне қатысады. Университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты Ғылыми кеңестің шешімімен талқыланып, бекітілген (01.09.2021 ж. №1 хаттама). Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты қайта қарау Мемлекеттік бағдарламалық құжатта, ҚР БҒМ нормативтік құжатында, ЖОО жарғысында, университеттің академиялық саясатында және т.б. өзгеріске байланысты қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

Негізгі және арнайы (кәсіби) құзырет кешенін алу үшін магистр МЖМБС бойынша белгілеген міндетті базалық (БП) және кәсіптендіру пәндер (КП), ЖОО компоненті және таңдау компонент пәндерін толық көлемде меңгеруі тиіс. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының 19.12.2022 ж. №31149 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандартына толық сәйкес әзірленгені сыртқы аудит барысында расталды.

Білім бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету аясындағы саясат пен мамандарды даярлау барысында білім беру бағдарламасын тұтынушылардың талабын, магистранттардың басқару үдерісіне араласуын, білім беру бағдарламасын жүйелі түрде іске асыру, білім сапасын үнемі арттырып отыру негізге алынған. ББ-ны жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілегіне назар аударуға көңіл бөлінген.

Білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. БББ қоғам мен еңбек нарығы сұранысына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсатының тиімділігін тәжірибе базасы, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйыммен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді. БББ-ны жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілегіне назар аударуға көңіл бөлінген. Магистранттардың ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағытына қарай еркін таңдауына толық мүмкіндік бар.

Сондай-ақ оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешенін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалды, электронды кітапхана ресурсын пайдалануға, өз бетінше ізденуге, БОӨЖ уақытында оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми, әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған.

Сарапшылар тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеті мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен магистранттар білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмыс берушілермен, практика базасымен байланысты қамтыған БББ-ның құжатына сараптама жүргізілді. ЖОО басшылары, декан, кафедра меңгерушілері, профессор-оқытушы құрамы, магистранттар, түлектер және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде БББ-ның жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Профессор-оқытушы құрамы, магистранттар және жұмыс берушілермен сұхбат барысында байқалғаны олардың білім беру бағдарламасының мақсаты және сапамен қамтамасыздандыру саясатын айқындауға қатысатыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы және Шығыс Қазақстан облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принципіне сәйкес кәсіби құзыреттілігі бар мамандар дайындалып жатқаны анықталды. БББ мақсатының тиімділігін бағалау үнемі талқыланып отыратыны факультет кеңесі және кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, оқу

аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық базасы, кітапхана қоры мен ақпараттық қоры маман дайындауға мүмкіндік бере алатыны көрінді.

Білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерді қабылдау тұрақталған. БББ түлектерінің сұранысқа ие болуы және мамандықтың кадрлық құрамы талапкерлердің келуін қамтамасыз етеді.

Әрбір сессиядан кейін, келесі семестр басталғанда ЖОО АЖ жүйесінде «Оқытушы магистрант көзімен», «Білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына қанағаттанушылығы» сауалнамасы жүргізіледі.

ЖОО жетістігін бағалаудың басты критерийі жұмысқа орналастыру болып табылатын қазіргі жағдайда 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-сы бойынша бітірушілердің жұмысқа орналасуының өсу үрдісі байқалады, бұл өңірде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің сұранысқа ие екенін көрсетеді.

1-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару

Дәлелдеме және талдау:

ҚАЕУ білім беру бағдарламалары халықаралық білім беру стандарты – Ұлттық біліктілік шеңбері, Дублин дескрипторы, Еуропалық біліктілік шеңбері негізінде әзірленеді. Университеттің БББ ұлтшілік нормативтік-құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына – МЖМБС (ҚР БҒМ 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығы, 19.01.2023 ж. №21 өзгеріспен), «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» (ҚР БҒМ 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 бұйрығы 12.10.2018 ж. №563 өзгеріс және толықтырумен), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2018 жылдың 31 қазанындағы №595 бұйрығы, 20.01.2023 ж. №23 өзгеріспен), «Педагог» кәсіби стандартына (ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының 19.12.2022 ж. № №31149 бұйрығы) сәйкес негізгі білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Университетте жоғарыда аталған құжаттың негізінде университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, тиімділігін бағалау және жетілдіру рәсімін анықтайтын университет Ғылыми кеңесінің 23.07.2021 ж. №12 хаттамасының шешімімен бекітілген ҚАЕУ Академиялық саясаты қабылданды. Ішкі өндірістік қажеттілікке, сондай-ақ ҚР заңнамасының өзгеруіне байланысты осы негізгі құжатқа өзгеріс пен толықтыру енгізіледі. Мысалы, жаңа (ҚР БҒМ 2018 жылдың 31 қазанындағы № 604 бұйрығы) қабылдануына байланысты ҚАЕУ Академиялық саясатына университеттің білім беру бағдарламаларын қайта қарауға қатысты өзгеріс енгізілді, бұл

Ғылыми кеңестің 2018 жылдың 26 қарашасындағы №4 хаттамасымен расталған. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ЖОО-ның бітіруші кафедраларының деңгейінде жүзеге асырылады, кафедраның ОӘС, университеттің отырысында жұмыс берушілер мен білім беру процесінің барлық қатысушысының міндетті түрде қатысуымен және АСД директорының басшылығымен сараптамадан өткеннен кейін қаралады, университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу рәсімі оқытушылардың ғылыми мүддесін және жұмыс берушілердің ресми хатымен ресімделген ұсынысын ескере отырып, алқалық, ашық түрде жүзеге асырылады (2.1-қосымша). Мүдделі ұйым, кәсіпорынның, мемлекеттік органдардың өкілдері тұрақты түрде өз еркімен, өтеусіз негізде кафедраның оқу-әдістемелік секциясының жұмысына қатысады, білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін ұсыныс енгізеді және ұсыным береді, бұл жыл сайын кафедраның ОӘК хаттамаларында тіркеледі.

Әзірленген білім беру бағдарламалардың нормативтік талапқа сәйкестігіне ішкі аудит жүргізетін АСД-ға жіберіледі және анықталған ескерту болған жағдайда кафедраға жетілдіруге қайтарылады, мақұлданған жағдайда ҚАЕУ-дың Ғылыми кеңесіне Төраға мен жұмыс берушілердің өкіліне бекітуге беріледі. ҚАЕУ-де қабылданған норманың орындалуын бақылауды ҚАЕУ Академиялық саясатына сәйкес университет әкімшілігі жүзеге асырады.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ мазмұнын әзірлеу «Педагогикалық ғылымдар магистрі» академиялық дәрежесін алуды қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы ҚР МЖМБС, жұмыс берушілер мен Дублин дескрипторының талабы негізінде қалыптасатын құзырет арқылы көрінетін оқыту нәтижесіне бағытталған.

Күтілетін нәтиже элективті пәндер каталогінде көрсетілген және әр пән бойынша жеке тұжырымдалған. Сондай-ақ оқыту нәтижесі құзыреттілікпен қатар, Модульдік білім беру бағдарламасында, «БББ паспорты», «БББ мазмұны» деген 1, 2-бөлімдерінде және пәндердің оқу-әдістемелік кешенінде көрсетілген.

Білім беру бағдарламасының мазмұны ҚР МЖМБС, «Педагог» Кәсіби стандартымен, міндетті компонент пәндерінің типтік бағдарламаларымен анықталады және негізгі және арнайы (кәсіби) құзырет кешені түрінде оқу нәтижесіне бағытталған. Модульдік білім беру бағдарламасы <http://www.kafu.kz/component/attachments/requestLogin.html> сайтында орналастырылған, «Педагогика және психология» кафедрасында және кітапханада бар. ББ ҚР БҒМ «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» (ҚР БҒМ 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 бұйрығы 12.10.2018 ж. №563 өзгеріс және толықтырумен) сәйкес модульдік оқыту принципі бойынша құрылымдалған. Бір модульдің көлемі екі және одан да көп оқу пәнін қамтиды немесе бір және одан да көп пәнін оқу жұмысының басқа түрімен байланыстырады.

Жазымды тәжірибе:

Қазақстан-Американдық еркін университеті 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бітірушілерінің жұмысқа орналастыру пайызы жоғары, бұл осы білім беру бағдарламасының еңбек нарығындағы қажеттілігінің дәлелі болып табылады.

Жақсарту шарасы:

- Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу үдерісіне осы мамандықтың шифрына сәйкес келетін танымал отандық ғалымдарды да шақыруға көңіл бөлу ұсынылады.

2-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**Стандарт 3. Студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және үлгерімді бағалау*****Дәлелдеме және талдау:***

Студенттік орталықтандырылған оқытуға бағытталған академиялық саясаттың жоғарыда аталған барлық элементі мен құралы университеттің базалық құжатында – университеттің Ғылыми кеңесінің 28.10.2022 ж. шешімімен бекітілген ҚАЕУ академиялық саясатында жазылған.

Университетте оқу процесінің өзгеруін дәлелдеу, оқытушының жаңа позициясын ұсыну үшін интерактивті технологияны қолдана отырып сабақтардың мысалдарын қарастырған.

Университетте Learning management sistem – оқытуды басқару жүйесінің көмегімен пәндерді оқыту практикасы енгізілген, онда ПОҚ пән бойынша ақпаратты толық көлемде орналастырады: дәріс, практикалық сабақ, силлабус, глоссарий, ағымдағы тапсырма, тест және емтихан сұрақтары, бақылау тапсырмасы, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырма және оқытушының қалауы бойынша қосымша ақпарат. Осы жүйенің арқасында магистрант оқытылатын пәннің материалына толық көлемде қол жеткізе алады, дәріс материалын қысқаша жинақтай алады. Оқытушының магистранттарды оқытуға бағдарланған оқытудың инновациялық технологиясын, оқытылатын проблеманың негізгі және қосалқы себебін, салдарын және басқа да жақтарын (проблемалық баяндау әдісі, пікірталас, топта жұмыс істеу, іскерлік және рөлдік ойын, миға шабуыл әдісі, сыни ойлау әдісі, сыни ойлау әдісі) анықтай білу қабілетін пайдалана отырып, жоба әдісі, электронды оқыту (e-learning) және т.б. көмегімен магистрантқа ақпаратты түсіндіре алатын мүмкіндігі бар.

Білім алушылардың дербестігін, жеке және кәсіби өсуін дамыту мақсатында университет оқытушылары тиісті білім беру үшін бейіндік пәндер сабағының жеке нысанын; оқытудың интерактивті әдісін; консультацияны; әңгімелесуді; БӨЖ және ОБӨЖ орындауды; білім алушылардың кафедрада, ЖОО-да және т.б. тәрбие және қоғамдық іс-шараға

тікелей қатыстыру арқылы әлеуметтік-гуманитарлық ортаны құра алған.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша оқыту және оқыту процесі құзыреттілік тәсіл контекстінде ЖОО-да оқу процесінде магистранттардың субъективтілігі қағидаты бойынша құрылған. Диалог (face-to-face), проблемалық (кейс-әдіс), интерактивті форма (пікірталас, дөңгелек үстел, жоба әдісі) және кейбір пәнді оқу кезіндегі оқыту әдісі өзектілікке ие.

Практикалық сабақ 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының барлық пәні бойынша дәрісте және өзіндік жұмыс процесінде алынған теориялық білімді жалпылауға, жүйелеуге, тереңдетуге, бекітуге, болашақ кәсіби қызметте қажетті практикалық дағды мен шеберлікті қалыптастыруға, зияткерлік және практикалық қызметтің бірлігін іске асыруға, оқытылатын тілдерді байқау және түсіндіру дағдысын дамытуға бағытталған немесе әдеби құбылыс, сондай-ақ қойылған міндетті шешу кезінде дербестіктің, жауапкершіліктің, дәлдіктің, шығармашылық бастаманың кәсіби маңызды қасиетін дамытуға бағытталған.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі кредитпен өлшенеді ҚР МЖМБС (ҚР ҒжЖБМ 2022 жылдың 20 шілдесіндегі №2 бұйрығы) сәйкес магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке сәйкес келеді және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде білім алушы кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді.

Білім алушылардың оқу жүктемесі академиялық сағат ұзақтығымен және оқу жұмысының әр түрлі түрі үшін академиялық сағатты алып жүретін оқу сағатының көлемімен анықталады.

Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Байланыс жұмысының бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

Оқу жүктемесіне магистранттың барлық оқу қызметін қамтиды – дәріс, семинар, топтық сабақ, топтық жаттығу, практикалық сабақ, курс жұмысы (жоба), практикалық және зертханалық жұмыс, студиялық сабақ, практика, ғылыми немесе кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы (эксперименттік-зерттеу жұмысы), дербес жұмыс, магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың өзіндік жұмысы екі бөлікке бөлінеді: оқытушының басшылығымен орындалатын өздік жұмыс (ОБӨЖ) және толығымен орындалатын өздік жұмыс (БӨЖ).

Аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде 30%-ын қамтиды.

Оқу жүктемесі магистранттың оқу пәнін, модульді немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық білім беру бағдарламасын оқып-үйренуге және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасында оқытудың белгіленген нәтижесіне қол жеткізуге қажетті уақытпен өлшенеді.

Оқытушының басшылығымен магистранттардың өздік жұмысы ОБӨЖ

кестесіне сәйкес ұйымдастырылады, онда магистранттың оқытушы тарапынан жеке ақыл-кеңес алуға мүмкіндігі болады.

ОБӨЖ оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмейтін жеке кесте бойынша орындалады. ОБӨЖ барысында оқу бағдарламасының неғұрлым күрделі мәселесі, үй тапсырмасын, курс жобасын орындау, семестрлік жұмысты, есепті және БӨЖ тапсырмасының басқа да түрін бақылау бойынша кеңес беру жүргізіледі.

Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде білім алады.

Білім алушыларды оқу пәндеріне жазуды офис-тіркеуші ұйымдастырады. Білім алушы ЖОО компоненті мен таңдау компоненті шеңберінде негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдайды.

Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі пререквизиттің болуын ескере отырып жүзеге асырылады. Оқылатын пәндердің оқытушылары магистранттарға пәнді дұрыс таңдау үшін өз курсына ұсынады. Консультация мен презентациядан кейін білім алушы таңдалған пәндерге жазылады.

ЖОЖ-ға офис-тіркеуші, эдвайзер, білім алушы қол қояды және факультет деканы оны бекітеді.

Элективті пәндерге жазылу ЖОЖ қалыптастыра отырып, электронды нысанда жүзеге асырылады. 1-курс магистранттарын тіркеу бірінші семестр басталғанға дейін жүргізіледі. Білім алушылардың осы санаты үшін университет магистрант қатарына қабылдау туралы бұйрық тіркеуге қол жеткізуге негіз болып табылады. Жоғары курстың элективті пәндеріне жазылу ағымдағы оқу жылының мамыр айының соңына дейін жүргізіледі.

Егер таңдаған пәнге білім алушылардың саны белгіленген ең минималды саннан аз болса, онда пән ашылмайды және оқу жұмыс жоспарына енгізілмейді, ол туралы ақпараттық стендіде және ЖОО-ның оқу порталындағы (сайтында) факультет парақшасында хабарландыру жасалады. Осы пәнге жазылған білім алушылар 25 тамызға дейінгі мерзімде жеке оқу жоспарындағы өзгеріс туралы өтініш беруі тиіс. Университет пәнді оқу үшін қажетті білім алушының ең аз санын, ал әрбір оқытушы үшін – академиялық лектегі (топтағы) білім алушының ең көп санын өзі белгілейді.

Білім алушы элективті пәндерге тіркеудің және ЖОЖ-ға өзгеріс енгізудің белгіленген мерзімін сақтауға міндетті. Білім алушы білім беру бағдарламасын меңгеру үшін астына тіркелген кредиті оқу жылында белгіленген кредиттен кем болмауы тиіс. Элективтік пәндерге электронды түрде тіркелу «PLATONUS» АЖ-да жүргізілген.

Білімді бақылаудың әділдігі мен бағалау жүйесінің шынайылығын қамтамасыз ету мақсатында 05.06.2013 жылғы ҚР МЖМБС-ның №219 «ҚР Жоғары білім беру мекемелерінде ақпараттық жүйені енгізу туралы» бұйрығына сәйкес «PLATONUS» ақпараттық жүйесі қолданылады.

Білім алушылардың білімін бағалау саясаты мен оқу жетістігін бағалау критерийі объективтілік, әділдік және ашықтық қағидатына сәйкес силлабуста және анықтамалық-нұсқаулықта ашылған, ағымдағы, аралық

және қорытынды бақылау үшін бағаны оқытушылар «PLATONUS» АЖ жүйесінде қояды.

Университетте әлеуметтік жеңілдік пен сараланған қосымша ақы мен сыйақының пәрменді жүйесі жасалған. Университеттің электронды каталогы, әдебиеттер мен ресурсты есепке алу бойынша қозғалыс, кітап қорын жинақтау және ұйымдастыру, оқырманға қызмет көрсету және басқа да ақпараттық-аналитикалық функция «КАБИС» бағдарламасына негізделеді.

«КАБИС» жүйесінде қазақ тілі әліпбиіне толық қолдау көрсету жүзеге асырылды, бұл мемлекеттік тілде электронды каталог жасау кезінде жұмысты жеңілдетеді. Электронды каталогта сұрыптау қазақ алфавиті бойынша жүзеге асырылады және құжатты іздеу кезінде қазақ әріптері мен бас әрпі есепке дұрыс алынады. Кітапхана-ақпараттық орталығының келесі толық мәтінді деректер қоры бар: «ҚАЕУ хабаршысы», (<http://www.vestnik-kafu.info/>), «KAFU Academic Journal» (<http://www.kafu-academic-journal.info/>), олардың сілтемесі университеттің ресми сайтында көрсетілген. Қазіргі уақытта пайдаланушылар отандық толық мәтінді мынадай кітапханалық электрондық ресурсқа қол жеткізе алады: «Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» (www.kazneb.kz); Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхана (www.rmeb.kz).

Ақпараттық ресурсты кеңейту мақсатында кітапхана-ақпарат орталығы ай сайын өзінің ғылыми және оқу ресурсын www.rmeb.kz Республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхананың дерекқорына салып отырады.

Халықаралық ынтымақтастық ҚАЕУ-дің халықаралық білім беру және ғылыми кеңістікке кірігуінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс Халықаралық бағдарлама мен жобаларды жүзеге асыру, семинар мен конференцияны ұйымдастыру, білім алушы мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту арқылы шетелдік жетекші университет, ғылыми-зерттеу институтымен жасалатын шарт, келісім және ынтымақтастық бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

ҚАЕУ-дің түрлі халықаралық бағдарлама мен грантқа белсенді қатысуына шетелдік серіктес университеттерінің ауқымды желісі ықпал етеді. Қазіргі уақытта университет АҚШ, Германия, Кипр, Түркия, Ауғанстан, Ресей, Венгрия, Ұлыбритания, Корея, Нигерия, Украина сияқты әлемнің 10 елінен 35-тен астам университет, ғылыми-зерттеу орталығы және халықаралық білім беру құрылымымен серіктестік байланыста.

Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты, жоғары оқу орнының бюджеттен тыс қаражаты, ұлттық компания, әлеуметтік серіктестің, халықаралық қордың гранты, білім алушылардың жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру жағдайын қоспағанда, білім алушылардың жеке қаражаты есебінен, шетелдік университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға ниет білдірген әлеуетті үміткерлер арасында конкурс өткізу жөніндегі комиссияның жұмысы ұйымдастырылған.

Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа

білім беру ұйымында, оның ішінде шетелде жекелеген пәнді оқиды. Бұл ретте білім беру ұйымдары арасында екіжақты шарт жасалады. Басқа білім беру ұйымының әр түрлі білім беру тәжірибесінен пайда алу мақсатында «ұтқырлық аясында» білім алушының басқа ЖОО-да игеретін уақыт шеңбері, оқу пәндері және кредит көлемі айқындалады. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру тәртібі, студенттерді іріктеуді университет дербес жүзеге асырады.

Бұл ретте, мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын бағдарлама шеңберінде академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін жолдама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылдың 19 қарашасындағы №613 бұйрығымен бекітілген шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жолдама беру қағидасына сәйкес (19.09.2016 ж. мемлекет деңгейіндегі жағдай бойынша өзгеріс және толықтырумен) (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5499 болып тіркелген) жүзеге асырылады. Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы көздеген деңгейде шет тілін білу қажет. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе оның аналогы болуы қажет. Транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәлімет енгізіледі: пәндердің (модульдің) атауы, бағалары, игерілген академиялық кредит саны. Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқу нәтижесін университет міндетті түрде қайта есептейді. Академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу тәртібі ЖОО сайтында орналастырылған «ҚАЕУ-де білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру қағидалары» (13.07.2022 ж. №11 Ғылыми кеңеспен бекітілген) құжатында көрсетілген <https://kafu.edu.kz/about/vnutrennie-normativnye-dokumenty-kasu/>. Білім беру бағдарламасы бойынша магистранттардың академиялық ұтқырлығы жоқ.

Алайда Түркияның серіктес университетімен жұмыс жүргізілген. Осы бағытта 2021-2022 оқу жылында ББ магистранттары Жәмсап А. мен Дәурен А.Б. Эджевит университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен, сондай-ақ 2022-2023 оқу жылының сәуір айында магистранттар Идаятұлы К. мен Әлжапаров Н. ғылыми тағылымдамадан өткен.

Слупскідегі Помор академиясымен (Польша, «Абайтану» орталығы), оқыту үдерісін жүзеге асыруда, дәріс немесе қысқа мерзімді курс өткізу үшін ғылыми кадрды, білім алушыларды, оқытушы мен қызметкерлерді алмасу практикасына енгізу, 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша ғылым саласында мүмкін болатын бірлескен зерттеу тақырыбын айқындау мақсатында келісімшарт жасалған. Мәскеу қалалық педагогикалық университетімен (Ресей) ақпарат және оқыту тәжірибесімен алмасу бойынша ынтымақтастық дамуда.

Сарапшылар практика базасында, атап айтқанда, С. Аманжолов атындағы ШҚУ базасында орналасқан «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы мен түрлі кафедрада болдық. Аталған практика базасы бүгінгі талапқа сай

жабдықталған және ББ бағдарламасы магистранттарына тиісті деңгейде дағды қалыптастырып, машықтану үшін барлық жағдай жасалған.

Жұмыс беруші, түлектермен сұхбат нәтижесінде практика жоспарына сәйкес жүргізілетін құжаттаманың ББ бағдарламасына сәйкес жүргізілетіні көрінді. Жұмыс берушілер практика кезінде ұқыптылығы, білімі, тапсырма орындаушылық қабілетімен көзге түскен магистрантты өзіне жұмысқа қалдыратынын айтты.

Жұмыс беруші, оқу бөлімі қызметкерлерімен сұхбат жүргізу барысында таңдау компонентін магистрант таңдауы үшін жоспарлы жұмыс атқарылмайтыны көрініс берді.

Жазымды тәжірибе:

Шетелдік тағылымдаманың болуы.

Жақсарту шарасы:

- ҚАЕУ-дың түрлі халықаралық бағдарлама мен грантқа белсенді қатысуына шетелдік серіктес университеттерінің ауқымды желісі ықпал ететіні көрінді. Алайда 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы магистранттарының қаншалықты қатысқаны жайлы мәлімет көрсетілмеген. Сондықтан магистранттардың ішкі, сыртқы академиялық ұтқырлықпен білім алу көрсеткішін жақсарту шарасын қарастыру ұсынылады.

3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, оқыту нәтижесі, тану және біліктілік

Дәлелдеме және талдау:

Талапкерлерді қабылдау және оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №600 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңы 5-бабының 11-тармақшасына сәйкес әзірленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың үлгі қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚАЕУ-дың қабылдау ережесі мен шарты туралы ақпарат, қажетті құжат тізімі, талапкердің күнтізбесі, білім беру бағдарламасы туралы ақпарат, оқу ақысын төлеу тәртібі, нормативтік құжат және т.б. университеттің ресми сайтында <http://www.kafu.kz> және ақпараттық стендте, ҚАЕУ парақшасы мен буклетінде, әлеуметтік желідегі ЖОО аккаунтында көрсетілген.

Сондай-ақ оқуға түсу, оқу шарты, 7M01704 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын беретін мүмкіндік туралы, оның ішінде жұмысқа орналасу туралы ақпаратты маркетинг және қабылдау бөлімінен, деканаттан,

кафедрадан және ЖОО-дан тыс арнайы іс-шарада талапкерлермен кездесу кезінде кәсіптік бағдар беру жұмысына жауапты тұлғадан алуға болады.

Сондай-ақ жарнамалық-ақпараттық материалда және сайтта (анықтамалық-жол көрсеткіш) университеттік шәкіртақы, грант пен жеңілдік алу мүмкіндігіне қатысты үміткер үшін барлық ақпарат берілген.

Университет қолданыстағы заңнама мен ашық қол жетімді нақты әзірленген өлшем негізінде жоғары оқу орнына жалпы орта, техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматы және азаматтығы жоқ тұлғаларды оқуға қабылдай алады.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін білім алушыларды қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін шарт – ЖОО аясында да, одан тыс жерде де тұрақты кәсіптік бағдарлау жұмысы, ЖОО және оның спецификасы туралы ақпараттың қол жетімділігі, университетте қаржылық қолдау жүйесінің болуы, ПОҚ-тың жоғары кәсіби деңгейі, түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары көрсеткіші, жеке тұлға тұрғысынан кең мүмкіндік. Білім беру бағдарламасын саналы түрде таңдаған және осы білім беру бағдарламасының ерекшелігі туралы толық түсінікке ие, «өзінің» талапкерін саналы түрде таңдауға бағытталған жоспарлы кәсіби бағдар беру жұмысын кафедра жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасы таңдаулы тобының мәселесі бойынша консультация беруді, КТ және/немесе түсу емтиханының рәсімімен танысуды жүзеге асырады.

Университеттің саясаты мен маркетингі білім алушылардың қажетті контингентін тарту үшін, қабылдау шарты мен білім беру бағдарламасына рұқсат берудің ерекше шарты маркетинг және қабылдау бөлімінің менеджері және жоспарланған іс-шара кезінде (талапкермен кездесу, ашық есік күні және т.б.) кәсіби бағдарлау жұмысына жауапты болады.

Оқу жылы бойы маркетинг және қабылдау бөлімі кафедрамен бірлесіп білім алушылардың қажетті контингентін білім беру бағдарламасына тарту бойынша жұмыс жүргізілген: университет және білім беру бағдарламасы туралы толық, көпжақты және шынайы ақпаратты тарату, университетке және осы білім беру бағдарламасына қызығушылықты қалыптастыру, жеке жұмыс үшін әлеуетті талапкерлердің базасын құру.

Университетте кәсіби бағдар беру жұмысының жылдық жоспары бекітілген және жауапты оқытушылар тағайындалған. Бекітілген кестеге сәйкес ШҚО әкімшілік аудандарында, кафедрада бекітілген Өскемен қаласындағы мектеп пен колледждерде мобильді топ жұмысын жүзеге асырады (4.1-қосымша).

Қосымша 4.2-де кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында кафедра өткізетін негізгі имидждік іс-шара келтірілген.

Оқу барысында барлық білім алушы ғылыми жұмысқа қатысуға бағдарланған. Олардың ЖОО-ның ғылыми іс-шарасына: конференция, семинар, форумға, оның ішінде материалды тегін жариялауға шығуы

қамтамасыз етілген. Осылайша, ҚАЕУ магистранттарының көбі ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуға ынталандырылған бакалавриат түлектері болып табылады.

Бұдан басқа, білім алушыға «PLATONUS» АЖ (v5.2) білім беру порталында электронды тасығыштағы барлық ақпараты бар, кіру кезінде аутентификация жүйесі бар жеке кабинет ұсынылған.

Университетте әр түрлі санаттағы білім алушының, оның ішінде оларды бағдарлау рәсіміне қатысатын шетелдік студенттің қажеттілігін қолдау және қамтамасыз ету қызметі құрылған. Олар – эдвайзер институты, офис-тіркеуші қызметі, факультет деканаты, мансап және тұлға орталығы, халықаралық ынтымақтастық департаменті, институционалдық зерттеу орталығы.

Білім алушыларды әлеуметтік қолдау шарасы туралы ақпараттандыру және университеттің жүргізіп отырған әлеуметтік саясатымен танысу үшін деканат кездесу өткізеді, сондай-ақ ақпарат студенттерге арналған анықтамалық-жолсілтемеде және университет сайтында орналастырылған.

Психологиялық қолдауды университет психологі жүзеге асырады.

Консультация психологтің жұмыс кестесіне сәйкес жеке немесе тренинг түрінде жүргізіледі.

Университетте студенттердің әлеуметтік осал бөлігін бейімдеу процесіне мониторинг жүргізіледі, дарынды студенттерге конференция, конкурс, олимпиада, спорттық іс-шара кезінде материалдық қолдау көрсетіледі.

Физикалық және материалдық мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды, сондай-ақ халықтың әлеуметтік қорғалмаған жігін (бір асыраушысынан айырылған жағдайда, көпбалалы отбасы, жетімдер және т.б.) материалдық және әлеуметтік қолдау үшін университет оқу үшін жеңілдік ұсынған.

Университетте әлеуметтік жеңілдік және сараланған қосымша ақы мен сыйақының пәрменді жүйесі әзірленген.

Университет әкімшілігі оқу ақысын төлеудің икемді кестесін енгізген. Білім алушылардың қалауы бойынша Қазақстан-Американдық еркін университетінде бір реттік, семестрлік немесе ай сайынғы оқу ақысы қарастырылған. 1 қыркүйекке дейін жылдық оқу ақысын төлеген студенттер оқуға 5% жеңілдік алады.

Университет жыл сайын кафедралар ұйымдастыратын олимпиада мен түрлі конкурстың жеңімпазына оқу гранты мен жеңілдік ұсынады.

Университетте ауысу, қалпына келтіру және академиялық демалыс беру рәсімі ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген «ҚАЕУ білім алушыларын ауыстыру және қалпына келтіру қағидаларына» сәйкес жүргізіледі (28.10.2022 ж. №2 хаттама).

Университетте басқа жоғары оқу орындарынан студенттерді қабылдау, кредитті тану және есепке алу рәсімі бір елден қол қойған Тараптың біліктілігі басқа елде танылатынына кепілдік берілетінін тану туралы Лиссабон Конвенциясының қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

Университетте ақпаратты басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ҚР БҒМ 05.06.2013 ж. №219 «ҚР жоғары оқу орындарында ақпараттық жүйені

енгізу туралы» бұйрығына сәйкес «PLATONUS» ақпараттық жүйесі (www.platon.kafu.edu.kz) қолданылады. «PLATONUS-тен» дерек жинағын ашық жүргізуге, білім алушылардың өткен және ағымдағы академиялық жетістігі туралы ақпаратты мониторингілеуге және басқаруға мүмкіндік береді. Жүйеден сұраныс бойынша алынған талдау және статистикалық ақпарат студенттердің оқу процесінде кемшілікке тез жауап беруге және үлгерімді бақылауға мүмкіндік береді. Мониторинг кешенінде талдау, ағымдағы үлгерім, аралық бақылау, аралық аттестаттау, студенттерді қорытынды аттестаттау және т.б. нәтиже қамтылады. Курстар мен білім беру бағдарламалары бойынша топтар мен студенттерді саралау жүргізіледі.

Семестр бойы деканат кафедрамен бірлесе отырып аралық және қорытынды бақылау нәтижесі бойынша білім алушылардың үлгеріміне талдау жүргізеді. Талдау әр білім алушы бойынша, топ, тілдік бөлім және оқу түрі бойынша, сонымен қатар жалпы білім беру бағдарламасы бойынша алдыңғы семестрлердің қорытындысымен салыстырғанда алдын алу және түзету шарасын жасау үшін жүргізіледі (деканат отырысының 03.06.2022 ж. №11 хаттамасы).

Білім алушылардың үлгерімінің нәтижесі кафедра, деканат және академиялық сапа жөніндегі Кеңестің отырысында талқыланады.

МАК төрағаларының есебі жыл сайын ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі (мысалы, 2021-2022 оқу жылы – ЖОО Ғылыми кеңесінің 22.07.2022 ж. №12 хаттамасы).

ЖОО-да 7M01704 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының білім алушыларының үлгерімінің тұрақты статистикалық есебі жүргізіледі. Емтихан сессиясының нәтижесі ҚР БҒМ есеп беру нысанында (№34 нысан) көрсетіледі және «PLATONUS» АЖ (v5.2) электронды түрде қалыптастырылады.

Магистрлік диссертациялардың тақырыбы ғылымның, техниканың және мәдениеттің қазіргі жағдайы мен даму перспективасын көрсетеді және жыл сайын жаңартылып отырады.

Магистрлік диссертация қорғау көрсеткіші диплом алдындағы және өндірістік практикадан өту барысында алынған теориялық дайындық пен практикалық дағдының сәтті үйлескенін көрсетеді.

МАК төрағаларының есебін талдау көрсеткендей, жалпы 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша теориялық дайындық пен кәсіби құзыреттілікті игерудің жоғары деңгейі байқалады.

Білім беру сапасы мен кәсіби дайындыққа қойылатын талап жұмыс берушілер тарапынан жыл сайын өзгеріп, өсуде. Кафедрада өз түлектерін жұмысқа орналастыру жұмысы әрқашан қызметтің басым бағытының бірі болып саналады. Жұмысқа орналастыру жөніндегі дерек 4.2-кестеде келтірілген.

Мамандық бойынша жұмысқа орналасқан түлектер пайызының салыстырмалы тұрақтылығын атап өтуге болады.

Магистратураның білім алушылары арасында өткізілетін оқыту үдерісіне және ұйымдастырылуына жалпы қанағаттанушылықты бағалау

туралы сауалнама сұрағына орташа көрсеткіш 93% дан 98%-ға дейін ауытқиды.

Жекелеген ББ бойынша студенттердің қанағаттанушылығының төмен көрсеткіші анықталған жағдайда ББ қайта қарауға, ББ жұмыс істеу сапасын арттыруға және білім беру процесін жетілдіруге бағытталған іс-шара қалыптастырылады.

Осылайша, ББ мониторингінің әр түрлі нысаны мен әдісі білім алушыларды жетілдіру және мерзімді қайта қарау мақсатында олармен кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Болон процесінің міндетті параметрінің бірі дипломға қосымшаны (Diploma Supplement) қолдану болып табылады, ол біліктілік айқындылығын және халықаралық танылуын қамтамасыз етеді. Дипломға еуропалық қосымша Болон процесіне қатысушы барлық ел мойындайтын бірыңғай білім туралы ресми құжат болып табылады.

Магистратура түлектері сұраныс бойынша дипломға қосымшаны (DS) ала алады.

Дипломға қосымша жоғары білім туралы негізгі құжатты алмастырмайды және басқа елдің уәкілетті органының бастапқы дипломын ресми тануына ешқандай құқық бермейді. Бұл ретте дипломға (DS) қосымшаны дайындау, басып шығару және тапсыру құқығы тек жоғары оқу орны болады. Университет түлегінің дипломына еуропалық қосымша беру жоғары оқу орындары түлектерінің шетелде одан әрі оқуына, жұмысқа орналасуына және жалпы қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесу үшін алған біліктілігін академиялық және кәсіби мойындау рәсімін жеңілдетеді.

Дипломға Еуропалық қосымшаның ерекшелігі – әр курста жұмыс көлемін көрсететін шартты бірліктерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесін (ECTS) қолдану болып табылады, оның ішінде дәріс, семинар, практикалық сабақ, өзіндік жұмыс, тест, сынақ, емтихан. Дипломға еуропалық қосымша университет бітірушісінің өтініші негізінде беріледі. Қорытынды аттестаттаудан табысты өткен бітіруші курстың білім алушыларына диплом және мемлекеттік үлгідегі дипломға қосымша беріледі. Дипломға қосымша үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) беріледі. Қосымшада берілетін дәреже, білім беру бағдарламасының атауы, қол жеткізілген оқыту нәтижелері, игерілген кредиттің жалпы саны және т.б. көрсетіледі.

Кафедра 7М07104 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ түлектерін дипломнан кейінгі алып жүру (верификация кезеңі) түлектер және жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл арқылы жүргізіледі.

Түлектерді жұмысқа орналастыру туралы мәлімет банкін құру мақсатында, мессенджерде жалпы чат арқылы және ПОҚ және ЖОО әкімшілігінің жеке байланысын құру мақсатында түлектермен байланыс орнатылған. Білім беру бағдарламасында білім алушылармен кездесуге шақыру, кафедра, факультет және университет өміріндегі айтулы іс-шараға шақыру арқылы түлектермен байланысты қолдау тұрақты тәжірибе болып табылады.

Сонымен қатар «Қазақстан-Американдық еркін университеті түлектерінің қауымдастығы» – «Альма-матер» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді, оның аясында кең әлеуметтік, қоғамдық, білім беру қызметі және бірлестік мүшелері – ҚАЕУ түлектері арасындағы байланысты дамыту жүзеге асырылады.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ түлектері Қазақстан-Американдық еркін университетінде докторантура бағдарламасы бойынша оқуын жалғастыруға мүмкіндігі бар.

Университет сайтында ҚАЕУ магистратура <http://www.kafu.kz/abiturientu/magistratura.html> және ҚАЕУ докторантура <http://www.kafu.kz/abiturientu/doktorantura-phd.html>. білім беру бағдарламалары туралы ақпарат орналастырылған.

Сондай-ақ жыл сайын кафедра түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша жұмыс процесінде түсіндіру жұмысын және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыру мәселесі бойынша консультация беруді жүргізеді.

Жазымды тәжірибе:

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі;

4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 5. Профессор-оқытушы құрамы

Дәлелдеме және талдау:

ҚАЕУ-дың кадрлық саясатының мақсаты – университет миссиясына жауап беретін және оның мақсатына жете алатын жоғары кәсіби деңгейдегі, университеттің кадрлық құрамын басқаратын және дамытатын, қалыптастыратын жүйе құру. ҚАЕУ-дың кадрлық саясаты (ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің 05.07.2018 ж. № 9 хаттамасының шешімімен бекітілген) Қазақстан-Американдық Еркін университетінің 2023-2027 ж.ж. арналған даму стратегиясымен анықталады және мынадай бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- корпоративтік басқарудың механизмін жетілдіру;
- профессор-оқытушылар құрамын дамыту;
- әкімшілік-басқару персоналын дамыту;
- шетелдік оқытушыларды тарту.

Профессор-оқытушылар құрамын іріктеу мен жұмысқа қабылдау ҚАЕУ Президенті мен ректоры басшылығымен персоналды басқару бөлімі Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 23 қарашасындағы «Еңбек кодексі» туралы №414-V Заңы, 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» №319-III Заңы, Қазақстан Республикасының 2011жылдың 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» №407-IV Заңы, ҚАЕУ жарғысы және басқа да нормативтік құжат арқылы жүзеге асырылады.

ҚР «Білім туралы» Заңының 45-бабына сәйкес профессор-оқытушылар құрамының лауазымдық орналасуы университетте ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген (26.11.2018ж. №4 хаттама) ҚАЕУ ПОҚ лауазымдық орналасуы туралы Ережеге сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады. Педагогикалық қызметкерлердің және ҚАЕУ оларға теңестірілген лауазымның біліктілік сипаттамасы ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген (20.05.2022 ж. №9 хаттама), лауазымдық міндеті, құқығы мен жауапкершілігі анықталған профессор-оқытушылар құрамын лауазымына сәйкес келетін лауазымдық нұсқаулық, қосымша жұмыс істеушілер жұмысқа еңбек шартын жасасу арқылы алынады.

ҚАЕУ-да профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымы болған жағдайда, университет конкурс болатыны туралы хабарландыруды аймақтық баспа бетіне, интернет-ресурсына құжат қабылдаудың аяқталуына күнтізбе бойынша отыз күн қалғанда жариялайды, конкурсқа қатысушылардың құжатын қабылдау және қарау, конкурсқа іріктеу мен нәтижесіне шағымдану бойынша конкурстық комиссияны құру жүзеге асырылады.

Өз әлеуетін дамытуды бағалай отырып, оқытушылар қызмет бойынша жоғарылау және еңбек процесінде оқу және жетілдіру мүмкіндігі ЖОО-да жақсы деңгейде қойылған (5.1-қосымша).

Университеттің кадрлық резервін қалыптастыру тек өз қызметкерлерінің есебінен ғана емес, сондай-ақ кадрлық резервке талантты, кәсіби-бағытталған түлектерді қосу арқылы жүзеге асырылады. Бірақ білім беру бағдарламасы бойынша мұндай мысал жоқ, себебі 2022 жылы тек бірінші шығарылым болған.

Жыл сайын университетте оқытушы каталогы шығарылады, онда университеттің миссиясы мен мақсаты, ЖОО-ның бәсекелестік артықшылығы, ЖОО тарихы, университет құрылымы және байланыс ақпараты, кадр саясаты (еңбек қызметін таңдау, жалдау және сүйемелдеу процедурасы, еңбек тәртібінің ережесі, оқытушының Этикалық кодексі, кәсіби даму бағдарламасы) туралы ақпарат бар. Каталог кафедрада және университет кітапханасында қол жетімді.

2018 жылдың 2 сәуірінде қызметкерлердің жалпы жиналысында қабылданған ҚАЕУ Ұжымдық шартына сәйкес еңбек уәждемесі және ынталандыруы, университетте орындалатын жұмыстың жоғары тиімділігі мен сапасы үшін қызметкерлерді көтермелеу түрлі қосымша ақы (президенттік қосымша ақы, жоғары кәсіби шеберлігі үшін президенттік қосымша ақы, ағылшын тілінде оқытқаны үшін қосымша ақы; рейтингі, сыйлықақысы үшін қосымша ақы; алғыс жариялау; ерекше еңбегі үшін, жоғары білім беру жүйесіндегі көпжылдық адал еңбегі үшін) ПОҚ мен қызметкерлер белгіленген тәртіппен мемлекеттік және ведомстволық наградаға ұсынылуы мүмкін.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін профессор-

оқытушылар құрамын қамтитын «Педагогика және психология» кафедрасы жүзеге асырады.

Ғылыми дәрежесі мен атағы бар ПОҚ-тың орташа жасы: 2020-2021 оқу жылы – 54 жас; 2021-2022 оқу жылы – 53 жас; 2022-2023 оқу жылы – 53 жас. Ғылыми дәрежесі мен атағы бар ПОҚ-тың орта жастағы тұрақтылығы байқалады. Осы мәселені шешу үшін университет ғылыми-педагогикалық кадрды даярлау және қайта даярлау бойынша өз түлектерін кейіннен педагогикалық қызмет мақсатында ЖОО-да магистратура мен докторантурада оқуға тарту арқылы мақсатты жұмыс жүргізеді.

Мамандарды даярлау кезінде оқу процесіне алыс және жақын шетелден келген шетелдік оқытушылар мен мамандар қатысқан. Мысалы, профессор, ғылым докторы Гүлбану Думан (Б.Эджевит атындағы Университет, Түркия), п.ғ.к., Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті А.А.Теров (Ресей) дәріс және семинар сабақтарын жүргізген.

Педагогика және психология кафедрасы 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндерді оқытуды қамтамасыз етеді. ЖОО компонентінің пәндерін шет тілдері, құқық және халықаралық қатынас кафедраларының жетекші мамандары оқиды.

Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми қызметті жүзеге асыру үшін, оқу процесінің қажеттілігіне сәйкес білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыру үшін университет жыл сайын ПОҚ штаты жоспарланады. ПОҚ-тың сандық және сапалық құрамы ПОҚ-тың және білім алушылардың арақатынасының нормативтік көрсеткішін, ПОҚ-тың жалпы санынан штаттағы оқытушылардың үлесін, «Білім туралы» заңда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №606 «әскери міндеттілерді қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін оқытушыларға білім алушылар санының орташа арақатынасын бекіту туралы» бұйрығымен, білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талабын және оларға сәйкестікті растайтын құжат тізбесін бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 17 маусымындағы №391 бұйрығымен анықталады».

Университеттің миссиясына сәйкес университеттің білім беру процесінің жоғары инновациялық деңгейін қолдауға қабілетті ПОҚ-ның сапалы құрамын қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын жүргізеді, ол үшін кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыру және шығармашылық бастамасын көрсету үшін барлық жағдай жасалған.

ПОҚ қызметін жеке жоспарлау «Профессор-оқытушылар құрамының оқу жұмысын жоспарлау туралы Ережеге» сәйкес жүзеге асырылады (ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген 28.10.2022 ж. №2 хаттама). Әр оқытушының жұмыс көлемі мен түрін анықтайтын негізгі құжат биылғы оқу жылына жасалатын жеке жоспар болып табылады, онда оқу, оқу-әдістемелік, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы, біліктілікті арттыру регламенттеледі.

Педагогикалық жүктемені жоспарлау ҚАЕУ-дің «Академиялық саясаты» негізінде жүзеге асырылады, педагогика және психология кафедрасында бекітілген пәндер тізімі ҚАЕУ ректорының бұйрығымен бекітіледі (26.08.2022 ж. №32).

Педагог қызметкердің біліктілік деңгейінің лауазымның біліктілік сипаттамасына сәйкестігін анықтау мақсатында Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген ҚАЕУ тұлғаларын аттестаттау жүргізіледі. Аттестаттау рәсімі ҚАЕУ Ғылыми Кеңесінің шешімімен (10.01.2022 ж. №5 хаттама) бекітілген «Қазақстан-Американдық еркін университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін аттестаттау қағидасына» сәйкес регламенттеледі. Осы құжатқа сәйкес ҚАЕУ профессор-оқытушылық құрамының лауазымына зерттеуші профессор, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, оқытушы жатады.

Білім беру бағдарламасын іске асыру ПОӘК және силлабус негізінде жүзеге асырылады, олар білім беру бағдарламасының МБББ және ЖОБ негізінде 2018 жылдың 31 қазанындағы №604, 2022 жылдың 20 шілдесіндегі №2 ҚР МЖӘБЖЖ мазмұнына сәйкес әзірленеді. Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және бекіту тәртібіне қойылатын талап білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту жөніндегі ережеде бекітілген.

Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес ПОҚ курсты және силлабусты әзірлеуге жауапты. Кафедраның ПОҚ білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндетін тұжырымдауға, білім беру траекториясын қалыптастыруға және білім беру бағдарламасының мазмұнын, білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеуге қатысатын академиялық комитеттің құрамына кіреді.

Магистрлік диссертацияны орындау, ресімдеу және қорғау бойынша әдістемелік ұсыным, кәсіптік практикадан өту жөніндегі бағдарлама әзірленген.

Бағдарламаны, оның білім беру мақсаты мен нәтижесін жетілдіру, оқыту тиімділігін арттыру мақсатында силлабус жыл сайын қайта қаралады және өзектендіріледі.

Сапа саласындағы ҚАЕУ саясатының негізгі қағидатының бірі барлық құрылымдық бөлімшенің басшысы мен қызметкерлерінің, ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының білім беру қызметін тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптың мүддесінен туындайтын барлық міндетті шешудегі САПАНЫҢ рөлін түсінуі болып табылады.

Оқу процесін әдістемелік қолдауды құрайтын негізгі құжат: білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешені, модульдік білім беру бағдарламасы, пәндер каталогы, әдістемелік нұсқау. Құжат кафедраның оқу-әдістемелік секциясында міндетті түрде талқыланады, оның барысында ПОҚ олардың нысаны бойынша да, мазмұны бойынша да толықтыру, нақтылау мен ұсыныс енгізуге мүмкіндігі бар.

Оқытушылар университеттің бакалавриат, магистратура, докторантура (PhD) білім беру бағдарламаларының мазмұнын жобалау, әзірлеу, жаңарту және жетілдіру бойынша өз қызметін жүзеге асыратын және ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесіне қажетті білім беру бағдарламаларын әзірлеу

кезіндегі барлық процеске жауап беретін академиялық комитеттің құрамына кіреді. Академиялық комитет дайындық бағыты немесе білім беру бағдарламасы тобы немесе білім беру бағдарламасы бойынша құрылады. Академиялық комитеттің жұмысы ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген «Академиялық комитет туралы Ережемен» регламенттеледі (17.11.2021 ж. № 3 хаттама).

Университетте ПОҚ қызметіне үнемі мониторинг жүргізілген.

Сондай-ақ оқыту сапасы мен оқытушылардың әдістемелік деңгейін бағалау емтихан сессиясының нәтижесін, білімнің бақылау бөлімін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Университетте білім беру сапасын қамтамасыз етуде ПОҚ біліктілігін арттыру үшін барлық қажетті жағдай жасалған. Бұл бағыттағы жұмыс біліктілікті арттыру курстарынан, ПОҚ-ның шетелдік тағылымдамасынан, шетелдік оқытушылар өткізетін семинар мен тренинг, ҚАЕУ мансап және тұлғаны дамыту орталығы, кафедраның ғылыми-әдістемелік семинарын өткізу арқылы жүзеге асырылған.

Университеттің миссиясына сәйкес университет білім беру процесінің жоғары инновациялық деңгейін қолдауға қабілетті ПОҚ-ның сапалы құрамын қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын жүргізген, ол үшін ҚАЕУ оқытушыларының біліктілігін арттыру және шығармашылық бастамасын көрсету үшін барлық жағдай жасалған.

Университет құрылымында лингвистикалық курсты, тренингті, оқыту семинарын, «Халықаралық көшбасшылық» бағдарламасын және басшыларға арналған MBA бағдарламасын ұйымдастыру арқылы университет ПОҚ мен білім алушылардың кәсіби дамуына мүмкіндік беретін мансап пен тұлғаны дамыту орталығы жұмыс істейді.

Оқытылатын пәндер бойынша теориялық білім деңгейін арттыру, практикалық дағды мен дағдыны жетілдіру үшін ПОҚ қала мен республиканың жоғары оқу орындары базасында: С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Нархоз Университеті және т.б. ЖОО-да кәсіптік курста оқудан өткен.

ҚАЕУ халықаралық ынтымақтастық департаменті оқытушыларға ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы халықаралық ынтымақтастық арқылы біліктілікті арттырудың келесі нұсқасын ұсынады.

Серіктес оқу орындары: ASA College, АҚШ; University of East London, Лондон, Англия; Warner Pacific University, Портланд, Орегон; Алтай мемлекеттік университеті, Барнаул, Ресей; Афьон Косатепе университеті, Түркия; Таулы Алтай мемлекеттік университеті, Таулы Алтай, Ресей; Батыс Саксон университеті Цвиккау – қолданбалы ғылымдар университеті, Германия; Борис Гринченко атындағы Киев университеті, Украина; Б.Эджевит атындағы университет (Түркия), Омбы гуманитарлық академиясы, Омбы, Ресей; Сібір тұтыну кооперациясы университеті, Ресей; Памуккале университеті, Түркия; Оклахома штаты университеті (АҚШ); «Co-Servise International» білім беру коммерциялық емес ұйымы; Вроцлав

университеті; Норвест университеті; Линчбург колледжі (АҚШ); Edutus Университеті (Венгрия); Song Ho Университеті (Корея).

Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету аясында және біліктілікті арттыру мақсатында оқытушылар шетелдің жоғары оқу орындарында өткізілетін халықаралық іс-шараға қатысқан. Нурланова А.Н. тағылымдама аясында Б.Эджевит атындағы университетінде (Түркия) білім алушыларға қазақ әдебиеті бойынша дәріс оқыған (<https://old.kafu.edu.kz/novosti/7080-nauchnaya-stazhirovka-v-turetskom-gosudarstvennom-universitete-im-byulenta-edzhevita.html>).

Педагогика және психология кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмысы кафедралық ғылыми жоба тақырыбы аясында «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне қатысты қоғамның әлеуметтік бейімделуінің тиімдірек жолдары және оны жүзеге асырудың лингвистикалық аспектісі» тақырыбы бойынша жүзеге асырылған (01.01.2019 ж. 0119РҚД0027); ҚР ҰТО-да тіркелген (5.7-қосымша 5.7) «Қазіргі қоғам жағдайындағы әлеуметтену, даралау және жеке басын сәйкестендіру процестері» (01.06.2020 ж. 0120РҚИ0136).

Кафедра ПОҚ-ы түрлі ғылыми басылымда ғылыми мақалалар жариялаған және конференцияға қатысқан. Жұмыс нәтижесі халықаралық және республикалық ғылыми конференция мен семинарда баяндалған.

Университет басшылығы Web of Science, Scopus және т.б. базасы мен индекстелетін журналда ғылыми жарияланым белсенділігін жандандыру үшін материалдық ынталандыру шарасын әзірлеген («Web of Science, Scopus және т.б. базасы мен индекстелетін журналда ғылыми жарияланым белсенділігін жандандыру үшін материалдық ынталандыру шарасы туралы» Ғылыми кеңестің шешімі, 05.03.2021 ж. №7 хаттама).

Оқу үдерісіне электронды технология енгізіледі: қашықтан оқыту үдерісін ұйымдастыру, электронды пошта мен Web-порталды пайдалана отырып кеңес беру, қашықтан оқыту мақсатында ғаламдық және жергілікті ақпараттық желі. Электронды оқыту технологиясы оқытудың әр түрлі нысанында қолданылады: олар күндізгі бөлімде өзіндік жұмысты ұйымдастыруға және оқу процесіне үздіксіз мониторинг жүргізуге көмектеседі; қашықтан оқыту формасында-ақпараттық технология материалды берудің негізгі нысаны болып табылады.

Университеттің миссиясы мен мақсатына, оның ішінде білім беру үдерісіне тиімді қол жеткізуді ынталандыру ПОҚ мен қызметкерлерді ынталандыру және ынталандыру жүйесі арқылы қол жеткізіледі.

ҚАЕУ Ұжымдық шартына, ҚАЕУ ПОҚ рейтингтік картасына сәйкес университетте жоғары педагогикалық шеберлігі, ғылыми-зерттеу қызметіндегі нәтижесі және іске берілгені үшін оқытушылар мен қызметкерлерді марапаттау жүйесі жұмыс істейді.

Оқытушыларды шет тілін үйренуге ынталандыру және ағылшын тілінде сабақ жүргізетін ПОҚ үлесін арттыру мақсатында ағылшын тілінде пәндер жүргізгені үшін жоғары төлем енгізілген. Материалдық ынталандырудың қосымша нысаны университет қаражаты есебінен оқытушыларын ҚР шегінде

де, жақын және алыс шетелге де біліктілігін арттыруға жіберу, «ҚАЕУ Хабаршысы» және «KAFU Academic Journal» университеттік журналдарында ғылыми мақалаларды, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында баяндамалардың тезисін тегін жариялау мүмкіндігі болып табылады.

Кәсіби қызметте жоғары нәтижеге қол жеткізгені және университеттің дамуына қосқан үлесі үшін ПОҚ мен қызметкерлер жүйелі түрде Алғыс хатпен, қалалық және облыстық әкімдіктің, облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен, ҚР БҒМ Білім беру қызметкерлерінің Құрмет грамотасы және мемлекеттік сыймен марапатталған.

Көтермелеуді қолдану туралы шешімді университет президенті кафедра меңгерушісі, декан, құрылымдық бөлімше басшыларының ұсынысы бойынша қабылдайды. Шешім кеңінен жарияланып, білім алушылар мен ЖОО қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Ескерту:

7М01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті ПОҚ штатпен толық қамтылмаған. Сондықтан мамандыққа қатысты негізгі пәндерді С.Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан университетінің оқытушылары келіп оқиды.

Сондай-ақ професло-оқытушы құрамының кәсіби бағыт бойынша гранттық қаржыландыру негізінде ғылыми жобалардың жоқтығын, Scopus мәлімет базасының журналдарында мақалаларының жоқтығын да айта кету керек.

Жақсарту шарасы:

- Білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті оқытушыларды штатқа толық қамту;
- ПОҚ-тың гранттық қаржыландыру негізінде ғылыми жобаларға қатысуын қолға алу;
- ПОҚ-тың рейтингісі жоғары журналдарда жарияланатын ғылыми мақала санын арттыру ұсынылады.

5-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік

Стандарт 6. Оқу ресурсы және студенттерді қолдау

Дәлелдеме және талдау:

ЖОО-ның ақпараттық қамтылуы мен кітапхана қорының толықтырылу динамикасы кесте арқылы берілген. Университет жыл сайын ақпараттық ресурсқа, компьютерге, зертханалық базаны жабдықтау құралына университеттің жалпы қаржы көлемінен қаржы бөлуді көбейтіп отырғаны қаржы бөлімінің жоспары мен есебінде көрсетілген. Университет ПОҚ және магистранттары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылардың контингентіне сай соңғы үлгідегі компьютер санының

артқаны, шет тіліндегі оқу және ғылыми әдебиеттердің қоры ұлғайғаны байқалды.

Магистранттардың оқу жетістігін бақылау жүйесін ұйымдастыру офис-тіркеуші арқылы жүзеге асырылады, білім алушылардың барлық оқу кезеңі ішіндегі оқу жетістігі транскрипте көрсетіледі. Транскрипт магистранттың сұрауы бойынша кез келген оқу кезеңінде берілуі мүмкін. Оқу үдерісінде магистранттарға виртуалды режимде дәріс беру, кеңес беру, презентация, тестілеу арқылы технологиялық қолдау көрсетіледі. Портал арқылы қашықтан оқытуда магистрант пән бойынша мультимедиалық, оқу материалын, силлабус және ПОӘК ала алады. Осының арқасында кредиттік технология жағдайында оқу үдерісін оңтайландыруға қол жеткізіледі.

Университет кітапханалары орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде қағаз және электронды тасымалдағышта әдебиетпен жабдықталған; интернетке шығу және ВИНТИ қашықтағы дерек қорына, басқа кітапханалардың электрондық ресурсына қол жеткізу, құжатты электронды жеткізуді жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Кітапханаларда кітапхана қорын толықтыру және өңдеу процесін толық автоматтандыруға және жүйелеуге, электронды каталогтің дерек базасын құруға және олар бойынша ақпаратты іздестіруді қамтамасыз етеді.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша оқу процесін жүзеге асыруға бөлінген оқу алаңы санитарлық норма талабына толық сәйкес келеді.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бойынша зертханалық және практикалық сабақ ұйымдастыруға және өткізуге арналған лингафон кабинеті жұмыс істейді.

Кафедраның арнайы ПОҚ құрамынан кабинетке жауапты, функционалдық міндеті көрсетілген оқытушылар тағайындалады.

ББ-сын ақпараттық ресурспен сапалы қамтамасыз ету үшін заманауи оқу, оқу-әдістемелік, мерзімді әдебиеттерді ұсынатын кітапхана жұмыс істейді. Кітапхана оқырмандардың халықаралық ақпараттық ресурсқа тегін қол жеткізетін орталығы болып табылады. Ол пайдаланушыларға дерекқордың ақпараттық-библиографиялық ресурсын ұсынуда тиімді көмек көрсетеді.

Кітапхана қорын жинақтауға ақшалай қаражат жыл сайын бөлінеді. 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бойынша кітапхананың кітап қоры оқу басылымы мен ғылыми әдебиеттер, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, электронды тасымалдағыштағы құжатты қамтиды.

Университетте бірыңғай ақпараттық және кітапханалық қызмет көрсету жүйесі қалыптасқан, оның арқасында магистрант пен оқытушылардың ақпараттық ресурс және кітапхана қорына академиялық қол жетімділігі қамтамасыз етіледі.

Білім беру бағдарламасын меңгеруде магистранттарға топ эдвайзері үлкен көмек көрсетеді. Деканаттың бұйрығы бойынша әрбір топқа эдвайзер бекітіледі.

Материалдық-техникалық базаның құрамы университеттің материалдық базасын дамыту қорынан құралады және пайдалану құқығында құрылымдық

бөлімшеге бекітіледі. Университеттің материалдық-техникалық базасы оқу жоспарында қарастырылған дәрістік, зертханалық және практикалық сабақтың барлық түрін, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді қамтамасыз етеді және қолданыстағы санитарлық-техникалық нормаға сәйкес келеді.

Ұлттық кітапхана, ғылыми орталықтандырылған кітапханалар, басқа да ЖОО кітапханасымен интернет жүйесі арқылы бірыңғай желіге қосылған. Магистранттар халықаралық және республикалық ресурсты қолдана алады. Оқу материалы, бағдарлама құралы, оқу әдебиеті мен қосымша ресурс, жабдық білім алушылардың барлығы үшін қол жетімді.

Бағдарламалық қамтамасыз ету ҚР Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік жөніндегі комитетінде 2004 жылдың 2 қарашасындағы №298 тіркелген және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады (лицензиямен бірге жеткізіледі). Кітапхананың маңызды ақпараттық ресурсы электронды каталог пен мәлімет базасы болып табылады, олар авторлардың, тақырыптың, негізгі сөздің, басылымдар типінің, оқу пәндерінің және басқа критерий бойынша ақпаратты жедел іздестіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта пайдаланушылар отандық толық мәтінді кітапханалық электрондық ресурсқа қол жеткізе алады: «Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы (www.kazneb.kz); Республикалық жоғары оқу орындарыаралық электронды кітапхана (www.rmeb.kz).

Ақпараттық ресурсты кеңейту мақсатында кітапхана-ақпарат орталығы ай сайын өзінің ғылыми және оқу ресурсын Республикалық жоғары оқу орындарыаралық электронды кітапхананың дерекқорына қояды www.rmeb.kz.

Жазымды тәжірибе:

1. Материалдық-техникалық база мен ақпараттық қамтамасыз етудің жоғары деңгейі.
2. Қазіргі заманғы жоғары жылдамдықты бағдарламалық-аппараттық кешеннің болуы.

Ескерту:

- 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ тікелей қатысты оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік еңбектер өте аз, бар болса да, шыққан жылдары тым ескі.

Жақсарту шарасы:

- Білім алушыларды соңғы 2-3 жылда баспа бетінен жарық көрген ғылыми және оқу-әдістемелік құралдармен көбірек қамтамасыз етуге көңіл бөлу;
- кафедра оқытушыларының авторлығымен жарияланатын оқу құралдары және оқу-әдістемелік нұсқаулықтың санын арттыруға назар аудару ұсынылады.

6-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік

Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру

Дәлелдеме және талдау:

Білім беру бағдарламасы туралы көпшілікті ақпараттандыру сайтында, порталында, ақпараттық стенд, буклетінде көрсетілген. Білім алушы магистранттардың саны, оқытушылар туралы ақпарат, тағайындалатын академиялық дәреже, біліктілік туралы ақпарат, оқытуда қолданылатын рәсім, бағалау критерийі, үлгерім пайызы, бітірушілер мен олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы толық ақпарат бар. Университет миссиясының, стратегиялық мақсатының мәтіні оқу ғимратының ақпараттық қабырғасында және университеттің www.kafu.kz веб-сайтында, 2022-2023 жылдарға арналған ҚАЕУ-дың анықтама-жолсілтеуішінде (<http://www.kafu.kz/component/attachments/download/1312.html>), оқытушылар каталогі мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім каталогінде орналастырылған.

Университет туралы ақпаратты тарату, сонымен қатар университеттің Facebook, Instagram (<https://www.instagram.com/kafukz/>), ВКонтакте (<https://vk.com/publickafu>), Youtube каналы (<https://www.youtube.com/channel/UC132s4Brb6vseL4viP3MMjA/> featured) платформасы сияқты әлеуметтік akkaунт арқылы; БАҚ-тың жекелеген өкілімен, мемлекеттік ұйыммен ынтымақтастық орнату, университет басшылығы мен қызметкерлерінің теледидар мен радиодағы өзекті мәселеге қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ туралы ақпарат университеттің сайтындағы «Талапкерге», «Академиялық бағдарламалар» бөлімінде, ақпараттық қабырғасында, сондай-ақ «Педагогика және психология кафедрасы» бөлімінде, университеттің жарнамалық кітапшасында орналастырылған.

Жазымды тәжірибе:

1. Сұхбат барысында магистранттардың халықаралық және республикалық ресурсты қолдана алатыны айтылды. Жоғары мектептің барлық магистранты өз кабинетіне еркін кіре алады. Сессия нәтижесінің мәліметі офис-тіркеуші арқылы жинақталып, мәжілісте талданады. Барлық материал ақпараттандырылған жүйе арқылы таратылып, жинақталады. Ата-ана, магистрант, оқытушы, жұмыс берушімен ақпараттық технология арқылы кері байланыс жұмысы жүргізіліп отырады.

2. Білім беру бағдарламасының ақпараттануының жоғары деңгейі.

Әр білім беру бағдарламасы туралы толық әрі шынайы ақпараттың ұдайы жарияланып отыруы.

3. Университеттің ресми Web-сайтында мамандық және оқытушылар жайлы ақпарат, мамандықтың электронды оқу-әдістемелік кешені, элективті курстың каталогы, элективті курстың презентациясы туралы толық және объективті ақпарат жүйелі түрде жарияланатыны, университеттің

стратегиялық жоспары, этика кодексі, норма, оқу үдерісі құжаты, магистранттардың тыныс-тіршілігі, кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмысы, ЖОО стратегиялық бағыты туралы ақпарат, халықаралық конкурстық жоба, сайт пен білім беру порталы, магистранттарды қабылдау шарты, күтілетін нәтиже және оқыту әдісі туралы мәлімет тұратыны, сайттағы мәлімет үнемі жаңартылып отыратыны.

4. Ақпараттың қол жетімділік деңгейі жоғары, өйткені университеттің қызметі туралы, университеттегі өткізілетін іс-шара, академиялық бағдарлама туралы барлық толық ақпарат университеттің www.kafu.kz сайтында, әлеуметтік желіде (Facebook, Instagram) көрініс табады. Ол қалалық, облыстық және республикалық мерзімді басылымда жарияланады.

Сайттың «Академиялық бағдарламалар» - «Кафедралар» - «Педагогика және психология кафедрасы» бөлімінде ағымдағы оқу жылына арналып жасалған ЭПК, МББ орналастырылған. Осы құжатта берілетін біліктілігі көрсетілген 7М01704 Қазақ тілі мен әдебиеті ББ туралы ақпарат қамтылған. ҚАЕУ-де магистранттарға мемлекеттік қызметтерді алуға, оқу-тәрбие іс-әрекетінің әр түрлі мәселесі бойынша қызмет көрсетуге және жатақханада тұруға, әскери есепке алу, оқу ақысына жеңілдік беру, академиялық ұтқырлық, түрлі мәселе бойынша кеңес беруге ықпал ететін магистранттарға қызмет көрсету орталығы (<http://www.kafu.kz/tsentry/tsentr-delovogo-obrazovaniya.html>) жұмыс істейді. Орталықтың негізгі мақсаты – магистранттарға уақытылы және сапалы қызмет көрсету, білім алушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту үшін жағдай жасау.

7-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

3 - ТАРАУ

Қорытынды

Өскемен қаласындағы Қазақстан-Американдық еркін университеті – Шығыс Қазақстан өңіріндегі көпсалалы үшсатылы (бакалавриат, магистратура және докторантура) мамандар даярлайтын жоғары оқу орны. Бәсекеге қабілетті білікті де білімді мамандар дайындайтын оқу орнында білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті заманауи сапалы да кешенді білім беру талабын ескере отырып жасалған. Білім беру бағдарламасының миссиясы Қазақстан-Американдық еркін университетінің 2023-2027 жылдарға арналған «Даму стратегиясы» негізі аясында жүзеге асырылады.

Аталмыш оқу орнының аймақты білікті мамандармен қамтудағы рөлімен қатар, өлкенің рухани дамуына ерекше үлес қоса алатын филологтармен толықтырып отыру миссиясы назар аудартады.

7М01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының магистранттарын дайындау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына – МЖМБС (ҚР БҒМ 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығы, 19.01.2023 ж. №21 өзгеріспен), «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» (ҚР БҒМ 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 бұйрығы 12.10.2018 ж. №563 өзгеріс және толықтырумен), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2018 жылдың 31 қазанындағы №595 бұйрығы, 20.01.2023 ж. №23 өзгеріспен), «Педагог» кәсіби стандартына (ҚР «Атамекен» ҰҚП Басқарма Төрағасының 19.12.2022 ж. №№31149 бұйрығы) сәйкес негізгі білім беру бағдарламасы бойынша «Педагогика және психология» кафедрасында жүзеге асырылуда.

Мамандықтың жұмыс оқу жоспары, жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндері, міндетті және тандау компоненттері немесе элективті пәндер топтамасы осы стандарттың типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған.

7М01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының мазмұны қазіргі заман талабы сұранысына сай келеді. Сапалы кәсіптік білім беруде, білім алушыларға педагогикалық әдіс-тәсілді жоғары деңгейде меңгертуде, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда, шығармашылық қабілетін дамытуда, қазіргі еңбек нарығы талабындағы бәсекеге қабілетті маман болып шығуына, ұлт мүддесі мен ел игілігіне адал қызмет ететін отаншыл азамат ретінде жетілуіне айрықша мән беріледі.

Білім беру бағдарламасының сапасын арттыруда еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің ұсынысы ескеріліп отырады. Элективті пәндер каталогіне толықтыру мен өңдеу енгізілген.

Осы айтылғандарды түйіндей келе, комиссия 7М01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын аккредитациядан өткізуді ұсынады.

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын бойынша ұсыныс:

Стандарт 1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық – толық сәйкестік

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару – толық сәйкестік

Жақсарту шарасы:

- Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу үдерісіне осы мамандықтың шифрына сәйкес келетін танымал отандық ғалымдарды да шақыруға көңіл бөлу ұсынылады.

Стандарт 3. Студентке бағдарланған оқыту, білім беру және бағалау – толық сәйкестік

Жақсарту шарасы:

- ҚАЕУ-дың түрлі халықаралық бағдарлама мен грантқа белсенді қатысуына шетелдік серіктес университеттерінің ауқымды желісі ықпал ететіні көрінді. Алайда 7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы магистранттарының қаншалықты қатысқаны жайлы мәлімет көрсетілмеген. Сондықтан магистранттардың ішкі, сыртқы академиялық ұтқырлықпен білім алу көрсеткішін жақсарту шарасын қарастыру ұсынылады.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау – толық сәйкестік

Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы – елеулі сәйкестік

Ескерту:

7M01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті ПОҚ штатпен толық қамтылмаған. Сондықтан мамандыққа қатысты негізгі пәндерді С.Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан университетінің оқытушылары келіп оқиды.

Сондай-ақ професло-оқытушы құрамының кәсіби бағыт бойынша гранттық қаржыландыру негізінде ғылыми жобалардың жоқтығын, Scopus мәлімет базасының журналдарында мақалаларының жоқтығын да айта кету керек.

Жақсарту шарасы:

- Білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті оқытушыларды штатқа толық қамту;

- ПОҚ-тың гранттық қаржыландыру негізінде ғылыми жобаларға қатысуын қолға алу;
- ПОҚ-тың рейтингісі жоғары журналдарда жарияланатын ғылыми мақала санын арттыру ұсынылады.

Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау – елеулі сәйкес.

Ескерту:

- 7М01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ тікелей қатысты оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік еңбектер өте аз, бар болса да, шыққан жылдары тым ескі.

Жақсарту шарасы:

- Білім алушыларды соңғы 2-3 жылда баспа бетінен жарық көрген ғылыми және оқу-әдістемелік құралдармен көбірек қамтамасыз етуге көңіл бөлу;
- кафедра оқытушыларының авторлығымен жарияланатын оқу құралдары және оқу-әдістемелік нұсқаулықтың санын арттыруға назар аудару ұсынылады.

Стандарт 7. Жұртшылықты ақпараттандыру – толық сәйкестік

БАҒДАРЛАМА
IQAA сарапшылық тобының сыртқы аудиті
Қазақстан-Американдық еркін университеті

2023 жылғы 15-16 мамыр

Уақыты	Шаралар	Қатысушылар	Орны
<i>14 мамыр 2023 ж.</i>			
Заезд	Гостиница	В течение дня	Члены ВЭГ
<i>1-күн: 15 мамыр 2023 ж.</i>			
09.30	Прибытие в Университет	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
10:00-10:45	Брифинг, обсуждение организационных вопросов	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
10:45-11:30	Интервью с президентом и ректором	Р, ЭГ, К, Ректор	Конференц-зал (209 каб) Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
11:30-11:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
11:45-12:15	Интервью с проректорами	Р, ЭГ, К, Проректоры	Конференц-зал (209 каб) Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
12:15-12:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
12:30-13:00	Интервью с руководителями структурных подразделений	Р, ЭГ, К, РСП	Конференц-зал (209 каб) Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
13:05-14:00	Обед	Р, ЭГ, К	Столовая университета
14:00-15:30	Визуальный осмотр материально-технической и учебно-лабораторной базы по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Р, ЭГ, Зав.кафедрой	Учебный корпус Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
15:30-16:00	Интервью с заведующими кафедрами	Р, ЭГ, К, зав. кафедрой	Конференц-зал (209 каб) Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
16:00-16:15	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы		Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
16:15-16:45	Интервью с ППС	Р, ЭГ, К,	Ссылка для конференции

	университета по направлениям аккредитуемых образовательных программ.	ППС	Идентификатор конференции: Код доступа:
16:45-17:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
17:00-17:30	Интервью с обучающимися	Р, ЭГ, К, Обучающиеся	Актальный зал Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
17:30-17:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
17:45-18:15	Интервью с выпускниками	Р, ЭГ, К, Выпускники	Актальный зал Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
18:15-18:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
18:30-19:00	Интервью с работодателями	Р, ЭГ, К, Работодатели	Актальный зал Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
19:00-19:15	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
2-күн: 16 мамыр 2023 ж.			
9:30	Прибытие в Университет	Р, ЭГ, К	Учебный корпус
10:00-11:30	Выборочное посещение баз практик (Приложение 1)	Р, ЭГ, Представители баз практик	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
11:30-13:00	Посещение Департамента академической политики, Офис регистратора, Центра обслуживания студентов, Отдела маркетинга и приема, Центра развития карьеры и личности, Департамента международного сотрудничества, Центра информационного обеспечения и дистанционных образовательных технологий. Выборочное посещение учебных занятий (Приложение 2).	Р, ЭГ, К, Сотрудники	ВЭГ Ссылка для конференции Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
13:00-14:00	Обед	Р, ЭГ, К	Столовая университета
14:00-14:30	Приглашение заведующих кафедр по запросу экспертов.	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции
14:30-16:00	Подготовка отчетов по внешнему аудиту. Изучение	Р, ЭГ, Зав. кафедрой,	Идентификатор конференции:

	документации по аккредитуемым образовательным программам. Приглашение отдельных представителей университета и структурных подразделений по запросу экспертов.	проректор по акад. вопросам и информатизации РСП	Код доступа:
16:00-17:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Подведение предварительных итогов внешнего аудита.	Р, ЭГ, К	
17:00-17:30	Встреча с руководством для представления предварительных итогов внешнего аудита	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции Идентификатор конференции: Код доступа:
По расписанию	Отъезд членов ВЭГ	Р, ВЭГ, К	

Примечание: Р – руководитель ВЭГ, ЭГ – экспертная группа, К – координатор группы, РСП – руководители структурных подразделений

СҰХБАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР
IQAA сарапшылық тобының сыртқы аудиті
Қазақстан-Американдық еркін университеті

2023 жылғы 15-16 мамыр

Мамандандырылған аккредитацияға жауапты

№	Аты-жөні	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Нурланова Асем Нурлановна	Зав. кафедрой «Педагогика и психологии» К.ф.н., профессор

Университет басшылығы

Президент

№	Аты-жөні	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Мамбетказиев Ережеп Альхаирович	Президент, академик НАН РК, д.х.н., профессор

Ректор

№	Аты-жөні	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Мамбетказиев Айдар Ережепович	Ректор, доктор PhD, доцент

Университет проректорлары

№	Аты-жөні	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Байкенов Жасулан Ерболович	Первый вице-президент, доктор PhD
2	Бэлласт Дэниел	Вице-президент по международным программам и сотрудничеству
3	Хасенов Саяхат Саттарович	Проректор по общим вопросам, к.п.н., профессор
4	Гаврилова Юлия Александровна	Проректор по научной работе и послевузовского образования, к.ю.н., профессор
5	Сарсембаева Гульнар Жексембаевна	Проректор по академическим вопросам и информатизации, доктор PhD, доцент
6	Уразова Наталья Павловна	Проректор по молодежной политике

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары

№	Аты-жөні	Лауазымы, құрылымдық бөлімі
1.	Левина Татьяна Викторовна	Зам. Начальника научно-исследовательского отдела
2.	Абилов Серик Мерзоянович	Директор Департамента международного сотрудничества
3.	Василенко Ольга Борисовна	Директор Центра обслуживания студентов
4.	Хаука Константин	Начальник Отдел технического обеспечения

	Леонидович	
5.	Бердибеков Азамат Бердибекович	Начальник Отдела маркетинга и приема
6.	Федорова Ирина Константиновна	Директор Центр институциональных исследований
7.	Беседа Любовь Александровна	Главный бухгалтер
8.	Колмагорова Татьяна Николаевна	Главный экономист
9.	Умитчинова Ботагоз Асфендияровна	Начальник отдела управления персоналом
10.	Панов Игорь Николаевич	Директор по административно-хозяйственным вопросам.
11.	Мензюк Галина Анатольевна	Декан факультета «Бизнеса, права и педагогики»
12.	Трофимова Юлия Владимировна	Директор Центра информационного обеспечения и дистанционных образовательных технологии
13.	Самойлова Ольга Владимировна	Менеджер послевузовского образования
14.	Хайруллина Айжан Ерлановна	Начальник международного отдела

Профессорлық-оқытушылар құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Ғылыми дәрежесі және атағы
1	Карменова Ж.А.	Старший преподаватель	Доктор PhD
3	Назырова Л.С.	Старший преподаватель	Кандидат психологических наук
4	Кикина М.И.	Доцент	Кандидат филологических наук
5	Набиев Е.А.	Профессор	Доктор педагогических наук, доцент ККСОН
6	Бияров Б.Н.	Доцент	Кандидат филологических наук
7	Едильбаева Г.Б.	Ст.преподаватель	Магистр

Магистранттар

№	Аты-жөні	Курс (GPA)
1.	Жәмсап Ақерке Талантқызы	2 курс 3,92
2.	Дәурен Аян Дәуренұлы	2 курс 3,6
3.	Ермек Фариза Бақытқызы	2 курс 3,82
4.	Дулатбаева Меруерт Турсумбековна	2 курс 3,29

5.	Қалиғожа Жібек Жанатқызы	2 курс 3,32
6.	Рахимова Асель Бекмухамбетовна	2 курс 3,24
7.	Тұрабаева Алмагул Советқызы	2 курс 3,27
8.	Серікбекқызы Балжан	1 курс 3,62
9.	Кайдарова Лаззат Аскербековна	1 курс 2,98

БББ тұлелері

№	Аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы
1	Манапова Алтынай Болатқызы	КГУ «Средняя школа №37» отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования ВКО, учитель казахского языка и литературы
2	Қыдырмолда Жансая Дүйсембекқызы (онлайн)	КГУ «Средняя школа имени Абая» отдела образования по Тарбагатайскому району управления образования Восточно-Казахстанской области, зам. директора по научно-методической работе, учитель казахского языка и литературы
3	Нургазиева Гульнур Черъяздановна	КГУ «Средняя школа №3 им.Ю.А.Гагарина» г.Шемонаиха, учитель казахского языка и литературы
4	Ракишева Альмира Нуржановна (онлайн)	КГУ «Комплекc школа – ясли - сад» Отдела образования по району Самар УО ВКО, с. Кулынжон, учитель казахского языка и литературы учитель казахского языка и литературы
5	Керейбаева Гульбану Муратбековна	КГУ «Выдрихинский комплекс «Общеобразовательная средняя школа-детский сад имени А.С.Иванова» отдела образования по Шемонаихинскому району управления образования Восточно-Казахстанской области, учитель казахского языка и литературы

Жұмыс берушілер өкілдері

№	Аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы
1	Барбосынова Қарлығаш	Кафедра казахской, русской филологии и журналистики ВКУ имени С.Аманжолова, заведующая

	Туркестановна	
2	Курманов Фархад Саканович	КГКП «Восточно-Казахстанский гуманитарный колледж им. Абая», директор
3	Кабидолдина Альмира Тлеухановна	КГУ «Средняя школа №16 им.З.Ахметова отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования ВКО, заместитель директора по учебной работе
4	Мейрамбекұлы Нұрбол	ГУ «Отдел образования по Тарбағатайскому району» управления образования Восточно-Казахстанской области, главный методист
5	Садыкова Куралай Каукеновна (онлайн)	КГУ «Центр обучения языкам» государственного учреждения «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Риддера», директор

*3 Қосымша***ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚОСЫМША ҚАРАЛҒАН
ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ**

1. Соңғы 5 жылдағы магистранттар контингенті
2. Соңғы 5 жылдағы бітірушілер саны
3. Педагогика және психология кафедрасының 7М01704 Қазақ тілі мен әдебиетін дамыту мәселесі қаралған отырыстарының хаттамасы.
- 4 БББ әзірлеу туралы ереже
5. 7М01704 Қазақ тілі мен әдебиеті БББ магистранттарының академиялық ұтқырлығы туралы бұйрықтар
6. Соңғы 5 жылда магистранттарды қабылдау
7. Магистранттардың жетістіктері
8. Басқа университеттермен ынтымақтастық туралы келісімдер
9. Магистранттарды элективті курстарға тіркеу хаттамасы
10. Ғылыми жобалар туралы ақпарат
11. МӨЖ және МОӨЖ кестелері
12. БББ және каталогтар
13. Кадрлық қамтамасыз ету
14. МАК төрағаларының тізімі
- 15 Жұмыс берушілер мен магистранттар ұсынған пәндер тізімі
16. ПОҚ басылымдары (Scopus, ЖАК мақалалары, оқулықтар)
17. ОӘК + үш оқытушының силлабустары
18. Магистранттардың мақалалары
19. Екі магистрлік диссертация